

2024 жылдың қаңтар айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 54,0 млрд. теңгеге 162,7 мың ақша аударымдары жіберілген. 2023 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 31,1%-ға азайса, көлемі 34,0%-ға азайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, Contact, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2024 жылдың қаңтарында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 1,3% және жалпы сомасының 2,8% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 98,7% және 97,2% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2024 жылдың қаңтарында шетелге ХААЖ арқылы 52,5 млрд. теңге сомаға 160,6 мың транзакция жіберілді. 2023 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 31,2%-ға азайса, көлемі 34,2%-ға азайды.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Ресей – 17,6 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 33,6%), Түркия – 12,5 млрд. теңге (үлесі – 23,9%), Өзбекстан – 8,8 млрд. теңге (үлесі – 16,8%), Грузия – 4,2 млрд. теңге (үлесі – 8,1%), сондай-ақ Қытай – 2,5 млрд. теңге (үлесі – 4,8%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %- бен
Золотая Корона	142,49	88,7%	41 847,57	79,7%
CONTACT	8,39	5,2%	5 770,30	11,0%
Вестерн Юнион	5,01	3,1%	3 378,03	6,4%
MONEYGRAM	1,33	0,8%	1 064,82	2,0%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,38	2,1%	419,24	0,8%
Жалпы жиынтығы	160,59	100,0%	52 479,97	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %- бен
Ресей	90,86	56,6%	17 654,12	33,6%
Түркия	20,37	12,7%	12 535,73	23,9%
Өзбекстан	26,64	16,6%	8 793,55	16,8%
Грузия	2,33	1,5%	4 231,44	8,1%
Қытай	2,20	1,4%	2 529,61	4,8%
Қырғызстан	5,11	3,2%	2 007,06	3,8%
Тәжікстан	6,33	3,9%	1 051,06	2,0%

Әзірбайжан	1,27	0,8%	855,60	1,6%
Армения	0,43	0,3%	541,25	1,0%
Корея Республикасы	0,61	0,4%	463,74	0,9%
Басқалары	4,46	2,8%	1 816,80	3,5%
Жалпы жиынтығы	160,59	100,0%	52 479,97	100,0%


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 29,6%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 57,9%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 54,7% және 29,4%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2024 жылдың қаңтар айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 20,6 млрд. теңге сомаға 71,2 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2023 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 22,6%-ға азайса, көлемі 25,6%-ға азайды.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 5,5 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 26,9%), Америка Құрама Штаттары – 2,4 млрд. теңге (үлесі – 11,4%), Корея Республикасы – 2,0 млрд. теңге (үлесі – 9,8%), Өзбекстан – 2,0 млрд. теңге (үлесі – 9,7%), сондай-ақ Норвегия- 1,6 млрд. теңге (үлесі – 8,1%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	32,14	45,1%	9 306,71	45,1%
Вестерн Юнион	18,84	26,4%	6 682,78	32,4%
MONEYGRAM	8,99	12,6%	2 704,16	13,1%
CONTACT	5,96	8,4%	1 397,48	6,8%
Басқа ақша аудару жүйелері	5,33	7,5%	526,58	2,6%
Жалпы жиынтығы	71,25	100,0%	20 617,71	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	31,63	44,4%	5 541,13	26,9%
Америка Құрама Штаттары	7,64	10,7%	2 357,15	11,4%
Корея Республикасы	3,66	5,1%	2 011,10	9,8%
Өзбекстан	4,01	5,6%	2 009,78	9,7%
Норвегия	0,04	0,1%	1 673,21	8,1%
Түркия	4,37	6,1%	1 441,82	7,0%
Германия	7,79	10,9%	1 260,80	6,1%
Қырғызстан	1,68	2,4%	890,96	4,3%
Грузия	0,59	0,8%	323,68	1,6%
Әзірбайжан	0,46	0,6%	299,89	1,5%
Басқалары	9,39	13,2%	2 808,20	13,6%
Жалпы жиынтығы	71,25	100,0%	20 617,71	100,0%

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 37,7% және жалпы сомасының 51,4%) және қазақстандық теңге (тиісінше 36,2% және 32,4%) жүргізілді.

**Жіберілген аударымдардың
жалпы санындағы үлесі**



**Жіберілген аударымдардың
жалпы көлеміндегі үлесі**

